

«КМҒ Банк» АҚ
банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттары туралы
қағидасы

Бизнес-иегер	
Бекітілді:	Директорлар кеңесінің 04.08.2025ж. №7з хаттамасы
Күшіне енді:	04.08.2025ж. бастап
Күші жойылған деп танылды:	
ІНҚ қол жеткізу деңгейі:	Жалпыға қолжетімді ақпарат

Алматы қ.,
2025 ж.

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер	3
2-тарау. Банктік шоттарды ашудың, жүргізудің және жабудың жалпы шарттары	7
3-тарау. Берілетін кредиттердің (қарыздардың) жалпы шарттары	11
4-тарау. Банк қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар	15
5-тарау. Кассалық операцияларды жүргізудің жалпы шарттары.....	16
6-тарау. Төлем картасын пайдалану арқылы жүргізілетін операциялар.....	17
7-тарау. Қолма-қол шетел валютасымен жүргізілетін айырбастау операциялары.....	18
8-тарау. Аударым операциялары.....	19
9-тарау. Электрондық банктік қызметтерді ұсыну	21
10-тарау. Банктің өзге операцияларды жүргізуінің жалпы шарттары	23
11-тарау. Тарифтерді төлеудің жалпы шарттары	24
12-тарау. Банктің және оның Клиентінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі	25
13-тарау. Клиенттермен жұмыс істеу тәртібі.....	27
14-тарау. Банк қызметтерін көрсету процесінде туындайтын Клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі	31
15-тарау. Қорытынды ережелер	34
1-Қосымша	36
2-Қосымша	37

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «КМФ Банк» АҚ банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттары туралы қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және «КМФ Банк» АҚ (бұдан әрі – Банк) ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.
2. Осы Қағида банк операцияларын жүргізудің жалпы шарттарын және Банктің ішкі талаптарын айқындайды.
3. Осы Қағиданың мақсаты – Банктің банктік және өзге де операцияларды жүргізуінің жалпы шарттарын белгілеу және ашу.
4. Осы Қағидада мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:
 - 1) Антифрод-орталық – алаяқтық белгілері бар төлем транзакциялары бойынша деректер алмасу орталығы – алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын болғызбауға бағытталған шараларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің заңды тұлғасы;
 - 2) бенефициарлық меншік иесі – бұл:
клиенттің – заңды тұлғаның немесе заңды тұлға құрмайтын шетелдік құрылымның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының (артықшылықты және қоғам сатып алған акциялары шегеріле отырып) жиырма бес пайызынан астамы тікелей немесе жанама түрде тиесілі;
Клиентті өзгеше түрде бақылауды жүзеге асыратын;
оның мүддесінде клиент ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға;
 - 3) биометриялық сәйкестендіру – Клиенттің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктері негізінде электрондық банктік қызметтерді алуға оның құқықтарын нақты растау мақсатында Клиенттің жеке басын анықтау рәсімі;
 - 4) ІНҚ – ішкі нормативтік құжат;
 - 5) салым (депозит) – Клиент Банкке олардың алғашқы талап ету бойынша немесе қандай да бір мерзімнен кейін алдын ала келісілген үстемесімен (сыйақымен) не онсыз толық немесе бөліп-бөліп тікелей Клиентке қайтарылуға не тапсыру бойынша үшінші тұлғаларға берілуге тиіс оларды номиналды түрде қайтару талабымен беретін ақша;
 - 6) ЖТСМ (жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептелетін, банктік қарыз шарты бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі (нақты құны);
 - 7) динамикалық сәйкестендіру – бір реттік (біржолғы) кодты пайдалану арқылы Клиенттің Электрондық банктік қызметтерді алу құқықтарын нақты растау мақсатында Клиенттің жеке басын анықтау рәсімі;

- 8) іскерлік қатынастар – Банктің кәсіби қызметті жүзеге асыру процесінде туындайтын Банктің Клиенттермен қарым-қатынасы;
- 9) қарыз (кредит) – Банктің Клиентке мерзімділік, төлемділік және қайтарымдылық шарттарымен беретін ақша сомасы және кейбір жағдайларда шарттың талаптарына сәйкес қамтамасыз ету шарттарымен берілген қарызды да білдіреді;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасы – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы белгіленген тәртіппен ратификациялаған халықаралық шарттар (келісімдер, конвенциялар);
- 11) Банктер туралы заң – «Банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңы;
- 12) Төлемдер туралы заң – «Төлемдер және төлем жүйелері туралы» Қазақстан Республикасының заңы;
- 13) АЖ/ТҚҚ туралы заң – «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- 14) Банктің интернет-ресурсы – мына мекенжайдағы интернет-ресурс: www.kmf.kz;
- 15) Клиент – заңды немесе жеке тұлға, оның ішінде заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын және жеке практикамен айналысатын, Қазақстан Республикасының резиденті немесе бейрезиденті болып табылатын, банк қызметтерін тұтынушы болып табылатын не Банктің қызметтерін пайдалануға ниетті тұлға;
- 16) Байланыс орталығы – құзыретіне 7474 нөміріне телефон байланысы арқылы және Банктің қашықтық жүйелері, Интернет-ресурстағы чат, Банктің ҚБҚЖ, Банктің әлеуметтік желілерінің ресми парақшалары <https://www.facebook.com/...>, <https://www.instagram.com/...>, Байланыс орталығының мессенджерлері (WhatsApp, Telegram) арқылы келіп түскен өтініштерге қызмет көрсету кіретін Банктің бөлімшесі;
- 17) ҚДКБҚ – «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы;
- 18) жеке практикамен айналысатын тұлға – жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат және кәсіби медиатор;
- 19) БЕҚБТ – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлға (лар);
- 20) тиісті тексеру – Қазақстан Республикасының АЖ/ТҚҚ туралы заңнамасына сәйкес Банктің клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тексеру жөніндегі іс-шаралары;

- 21) Салық кодексі – «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі;
- 22) операциялық сағат – Банк Клиенттердің нұсқаулары бойынша қызмет көрсететін және операциялар жүргізетін жұмыс күніндегі уақыт кезеңі, әрбір қызмет пен операцияның өзінің операциялық сағаты болады;
- 23) АЖ/ТҚҚ – Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл;
- 24) ЖЛА – жария лауазымды адам:
жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам;
лауазымды адам;
мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам;
мемлекеттік ұйымда немесе квазимемлекеттік сектор субъектісінде басқарушылық функцияларды орындайтын адам;
шет мемлекеттің заң шығарушы, атқарушы, әкімшілік, сот органдарына немесе қарулы күштеріне тағайындалатын немесе сайланатын, онда қандай да бір лауазымды атқаратын адам;
шет мемлекет үшін қандай да бір жария функцияны орындайтын адам;
халықаралық шарттар мәртебесі бар келісімдер негізінде елдер құрған ұйымдарда басшы лауазымын атқаратын адам;
- 25) тұтынушылық банктік қарыз – ипотекалық тұрғын үй қарызы (ипотекалық қарыз) болып табылмайтын, жеке тұлғаға тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға және (немесе) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес өзге де мақсаттарға берілетін банктік қарыз;
- 26) қауіпсіздік рәсімі – Клиенттің электрондық банктік қызметтерді алуға құқықтарын белгілеу және берілетін және алынатын электрондық құжаттардың мазмұнында қателерді және (немесе) өзгерістерді анықтау мақсатында электрондық құжаттарды жасау, беру және алу кезінде Клиентті сәйкестендіруге арналған, Банктің ақпаратын қорғаудың ұйымдастырушылық шаралары мен бағдарламалық-техникалық құралдар кешені;
- 27) жұмыс күні – Банк банк операцияларын жүргізу үшін ашық болатын Қазақстан Республикасындағы ресми демалыс және мереке күндерінен басқа кез келген күн;
- 28) ДК – Банктің Директорлар кеңесі;
- 29) ҚБҚЖ – Банктің интернет-ресурсын және мобильді қосымшасын қамтитын Банктің қашықтан банк қызметін көрсету жүйесі;

- 30) тариф (комиссия) – Клиентке банктік және өзге де қызметтерді көрсеткені үшін Банкке тиесілі комиссиялық сыйақы. Осы Қағиданың контекстінде тариф (комиссия) ұғымына, егер өзге нақтылау анық көрсетілмесе, пайыздық мөлшерлеме, айыппұл (тұрақсыздық айыбы, өсімақы) және Банкке ақшалай өтемақының басқа да түрлері де кіреді.
- 31) Банктің уәкілетті тұлғасы – берілген өкілеттіктерге сәйкес Клиенттердің өтініштері бойынша шешім қарауға және қабылдауға құқылы Банктің қызметкері;
- 32) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган;
- 33) Банктің уәкілетті органы – Қазақстан Республикасының заңнамасына және ІНҚ-ға сәйкес Банк қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға уәкілетті Банк органы;
- 34) Банктің филиалы (бұдан әрі – филиал) – заңды тұлға болып табылмайтын, Банктің орналасқан жерінен тыс орналасқан, Банк атынан банк қызметін жүзеге асыратын және оған Банк берген өкілеттіктер шегінде әрекет ететін Банктің оқшауланған бөлімшесі.
5. Осы Қағидада пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында және өзге де ІНҚ-да бекітілген мағынада қолданылады.
6. Банк қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына, Жарғыға және ІНҚ-ға сәйкес жүзеге асырады. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын операцияларды уәкілетті органның банктік және өзге де операцияларды жүргізуге арналған лицензиясы негізінде жүзеге асырады.
7. Банк Банкті барлық банк операцияларын жүргізу лицензиясынан айырған жағдайда, салымдары (депозиттері) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес өтелуге жататын жеке тұлғалардың, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің, жеке практикамен айналысатын адамдардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады.
8. Осы Қағидада Банктің операциялар жүргізуінің жалпы (стандартты) шарттары белгіленеді. Банктің әртүрлі банктік өнімдер мен қызметтердің түрлері бойынша операцияларды жүргізуінің нақты шарттары ІНҚ-да, сондай-ақ Клиенттермен жасалған шарттарда айқындалады.
9. Осы Қағиданың мазмұны ашық ақпарат болып табылады және банктік немесе коммерциялық құпияға жатпайды. Қағиданың осы тармағының күші Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес банктік және/немесе коммерциялық құпия санаттарына жатқызған және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген негіздер бойынша ғана жария етуге жататын нақты операцияны жүргізу шарттарына қолданылмайды.

10. Осы Қағида Банктің интернет-ресурсында, Банктің офистерінде клиенттерге көру және танысу үшін қолжетімді орындарда орналастырылады және Клиенттің бірінші талабы бойынша ұсынылады. Банк Клиентке операцияны жүргізуге байланысты ықтимал тәуекелдер туралы ақпарат беруден бас тартуға құқылы емес.
11. Банк банктік қызметтер туралы жарнаманы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес таратады.
12. Банк уәкілетті органның лицензиясына, Қазақстан Республикасының заңнамасына және ІНҚ-ға сәйкес мынадай қызметтер көрсетуге құқылы, оның ішінде:
- 1) заңды тұлғалар мен жеке тұлғалардың, оның ішінде жеке кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын тұлғалардың банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу;
 - 2) кассалық операциялар (қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдау және беру);
 - 3) банктік қарыз операциялары: Банктің төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен, кейбір жағдайларда шарттың талаптарына сәйкес қамтамасыз ету және нысаналы пайдалану шарттарымен ақшалай нысанда кредит беруі;
 - 4) қолма-қол шетел валютасын айырбастау операцияларын қоса алғанда, шетел валютасын айырбастау операциялары;
 - 5) аударым операциялары (жеке және заңды тұлғалардың ақша төлемі мен аударымдары бойынша тапсырмаларын орындау);
 - 6) уәкілетті органның лицензиясы болған және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кездегі өзге де операциялар.
13. Банк өнімдері мен қызметтерінің әртүрлі түрлері бойынша банк операцияларын жүргізудің толық шарттары тиісті ІНҚ-да белгіленеді.

2-тарау. Банктік шоттарды ашудың, жүргізудің және жабудың жалпы шарттары

14. Банк мына банктік шоттарды ашады және жүргізеді:
- 1) заңды және жеке тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің, шаруа (фермер) қожалықтарының, жеке практикамен айналысатын тұлғалардың ағымдағы шоттары, оның ішінде төлем картасын пайдалана отырып ағымдағы шоттар;
 - 2) депозиттерді есепке алу үшін заңды және жеке тұлғалардың, жеке кәсіпкерлердің, шаруа (фермер) қожалықтарының, жеке практикамен айналысатын тұлғалардың жинақ шоттары.
15. Клиенттерге банктік шоттар ұлттық валютада ашылады. Егер Банктің ІНҚ-да көзделсе, банктік шоттар Клиенттің сұрауы бойынша шетел

валютасында ашылуы мүмкін. Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу тәртібі ІНҚ-да белгіленеді.

16. Банктік шотты ашу үшін клиент Банкке тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасында және тиісті ІНҚ-да айқындалған шотты ашу үшін қажетті құжаттар топтамасын ұсынады. Ашылатын шоттың түріне және Клиенттің ұйымдық-құқықтық нысанына байланысты Банк қосымша құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.
17. Банктің Клиентпен іскерлік қатынастар орнатуы, оның ішінде Клиентке банктік шот ашу Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, оның ішінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына және ІНҚ-ға сәйкес Клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру жөнінде шараларды қабылдағаннан кейін жүзеге асырылады.
18. Банк іскерлік қатынастар орнатудан, оның ішінде банктік шоттар ашудан Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында, оның ішінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында, Банк пен ІНҚ қызметін регламенттейтін халықаралық экономикалық санкциялар талаптарында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша бас тартады.
19. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында, оның ішінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында, Банк пен ІНҚ қызметін регламенттейтін халықаралық экономикалық санкциялар талаптарында көзделген жағдайларда Клиентпен жасалған шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы.
20. Клиентке Клиенттің ақшасын есепке алу үшін банктік шот ашқан кезде Банк Клиенттің банктік шотының нөмірі болып табылатын жеке сәйкестендіру кодын береді. Клиенттің банктік шотын ашқан кезде Банк Салық кодексінің 24-бабында айқындалған тәртіппен, жағдайларда және мерзімдерде мемлекеттік кіріс органдарын хабардар етеді.
21. Клиентке банктік шот ашқан кезде не Клиент Банкке жүгінген кезде, банктік шоттың нөмірі банктік қызмет көрсету шартында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Банк Клиентке еркін жазбаша нысанда немесе электрондық түрде банктік шоттың нөмірі көрсетілетін растаманы береді.
22. Ағымдағы шот депозит ашқан кезде, кредит алған кезде және ІНҚ сәйкес Банктің басқа да қызметтерін алған кезде міндетті түрде ашылады.
23. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жеке тұлғалардың, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және

жеке практикамен айналысатын тұлғалардың депозиттеріне міндетті кепілдік беру жүйесінің қатысушысы болып табылады және депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің талаптарына сәйкес жеке тұлғалармен, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілерімен және жеке практикамен айналысатын тұлғалармен депозиттік операциялар жүргізеді.

24. Банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған жағдайда, банк шоттарында жатқан және банктік шот және (немесе) банктік салым шарттарымен куәландырылған жеке тұлғалардың, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және жеке практикамен айналысатын тұлғалардың теңге мен шетел валютасындағы депозиттерін және банк барлық банк операцияларын жүргізуге арналған лицензиясынан айырылған күнге есепке жазылған осындай депозиттер бойынша сыйақыны «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген кепілдік берілген өтем сомалары шегінде қайтару бойынша банктің міндеттемелері депозиттерге міндетті кепілдік беру объектілері болып табылады.

Талап ету құқықтары заңды тұлғалар мен жергілікті атқарушы органдарға өтетін жеке тұлғалардың, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің және жеке практикамен айналысатын тұлғалардың депозиттері депозиттерге міндетті кепілдік беру объектілері болып табылмайды.

25. Салымшы жеке тұлға, оның ішінде жеке кәсіпкерлік субъектісі, жеке практикамен айналысатын тұлға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мөлшерде және тәртіппен салым бойынша кепілдік берілген өтемді алуға құқылы.
26. Банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру және/немесе банктік шоттағы ақшаны тыйым салу, сондай-ақ банктік шоттар бойынша мүлікке өкімдік етуді уақытша шектеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес және тәртіппен жүргізіледі.
27. БЕҚБТ/байланысты тараптарды және/немесе жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелерді жасайтын тұлғаларды қоса алғанда, Клиенттерден қабылданатын депозиттердің шекті сомалары мен мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына және ІНҚ-ға сәйкес айқындалады және осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.
28. Депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелері Банктің уәкілетті органы/ДК бекіткен талаптарға сәйкес Клиенттермен жасалған банктік салым шарттарында айқындалады. Бұл ретте депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің - жылдық пайыздық мөлшерлеменің шекті шамалары (төменгі және жоғарғы шекаралары) осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

29. Банк салым мерзімін ұзарту кезінде салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін біржақты тәртіппен қайта қарауға құқылы.
30. Банк Клиенттерді филиалдың ақпараттық стендтеріне, сондай-ақ банктің интернет-ресурсына ақпаратты орналастыру арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасында және ІНҚ-да көзделген негіздерде және мерзімдерде сыйақы мөлшерлемелерінің, банктік шот/салым шарттарының жаңа редакцияда өзгергені туралы хабардар етеді. Клиент барлық өзгерістер туралы Банкке хабарласу немесе Банктің интернет-ресурсында танысу арқылы жеке біледі. Банк Клиенттің өзгерістер туралы хабарсыз болғаны үшін жауап бермейді.
31. Депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу кезінде Банк шетел валютасындағы депозиттер бойынша шекті мөлшерлемелерді, депозиттік нарықтағы нарықтық мөлшерлемелер туралы ҚДКБҚ мәліметтерін, нарықтық шарттарды, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің мөлшерін, банкаралық ресурстардың құнын, қаржы нарығының конъюнктурасын және баға белгілеудің өзге де маңызды факторларын басшылыққа алады.
32. Егер банктік салым шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, жеке тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің депозиттері бойынша сыйақыны есептеу кезінде 365 (үш жүз алпыс бес) күнге тең жылдағы күндер саны және бір айдағы нақты күндер саны, заңды тұлғалардың депозиттері бойынша 360 (үш жүз алпыс) күнге тең жылдағы күндер саны және 30 (отыз) күнге тең бір айдағы күндер саны есепке алынады.
33. Сыйақы күн сайын депозит валютасында есептеледі. Егер сыйақы есептелетін/төленетін күн жұмыс істемейтін күнге келетін болса, онда сыйақы жасалған шарттардың талаптарына сәйкес есептеледі/төленеді.
34. Заңды тұлғалардың, заңды тұлға филиалының және/немесе өкілдігінің депозиттері (салымдары) бойынша есептелген сыйақыны төлеу, егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, төлем көзінен табыс салығын ұстап қалумен жүргізіледі.
35. Резидент жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақыға төлем көзінен ұсталатын салық салынбайды. Резидент емес жеке тұлғалардың салымдары бойынша сыйақы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес айқындалады және ұсталады.
36. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Клиентпен жасалған банктік салым шартының талаптарында өзгеше көзделмесе, депозиттер ұлттық және шетел валютасында, қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз нысанда да қабылданады.
37. Депозит кепіл мәні болып табылатын жағдайларды қоспағанда, депозит банктік салым шартының қолданылу кезеңінде кез келген уақытта және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа жағдайларда мерзімінен бұрын талап етілуі мүмкін.
38. БЕҚБТ/байланысты тараптарды қоса алғанда, Клиенттерге және /немесе жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелерді жасаушыларға ағымдағы

шоттарды ашу, жүргізу және жабу кезінде осы Қағиданың 2-қосымшасында көрсетілген сыйақы алынады.

39.Банктік шотты жабу Клиенттің өтініші бойынша немесе Банкпен өз бетінше, банктік шот шартының, банктік салым шартының қолданылуы тоқтатылған не оны орындаудан бас тартылған жағдайларда Төлемдер туралы заңның 29-бабында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

Клиенттің өтініші бойынша банктік шотты жабуға банктік шотқа қойылған орындалмаған талаптар болған кезде жол берілмейді, атап айтқанда:

- а) банк шотына қойылған орындалмаған талаптар немесе мүлікке өкімдік етуге уақытша шектеу туралы алынбаған актілер, уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды адамдардың банк шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешімдері және (немесе) өкімдері, сондай-ақ Клиенттің банктік шотында ақшаға тыйым салу туралы актілер;
- б) Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес Клиент Банкке ұсынатын экспортты (импортты) көздейтін валюталық шарт бойынша орындалмаған талаптар.

40.Клиент-заңды тұлғаның таратылуына байланысты оның қызметі тоқтатылған жағдайда, банктік шот шартының және банктік салым шартының қолданылуы тоқтатылады. Банк Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне заңды тұлғаның қызметін тоқтату туралы енгізілген мәліметтер негізінде клиент-заңды тұлғаның банктік шотын жабады.

3-тарау. Берілетін кредиттердің (қарыздардың) жалпы шарттары

41.Банк кредиттерді (қарыздарды) беру тәртібін, шарттарын және процесін регламенттейтін ДК және өзге де ІНҚ бекітетін банктің кредиттік саясатына сәйкес кредиттер (қарыздар) береді. Шарт жасау үшін қажетті құжаттардың тізбесі ІНҚ-да белгіленеді.

42.Банк клиент-жеке тұлғаға қарыз беру туралы шешім қабылданғанға дейін Банк алған оның кредиттік есебінде банктік қарыз алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу туралы ақпарат болған кезде оған қарыз бермейді. Бұл тыйым Клиент-жеке тұлғаның банктік қарызы бойынша берешегін өтеу мақсатында немесе республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 75 (жетпіс бес еселенген) мөлшерінен аспайтын мөлшерде төлем картасы бойынша белгіленген кредиттік лимит шеңберінде банктік қарыз беру жағдайларына қолданылмайды.

43.Банк клиент-жеке тұлғаға жұбайының (зайыбының) келісімінсіз қарыз бермейді, келісімді алу тәртібі және келісім қажет болатын қарыздың ең төмен мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

44. Банк банктік қарыз және (немесе) микрокредит бойынша күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар клиент-жеке тұлғаға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес қарыз бермейді. Бұл тыйым жеке тұлғаның кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес банктік қарызын және (немесе) микрокредитін өтеу мақсатында сыйақы мөлшерлемесін және (немесе) мерзімді төлемдер мөлшерін азайту жағына қарай өзгертуді және (немесе) тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) азайту жағына қарай өзгертуді немесе толық жоюды көздейтін жақсарту талаптарында банктік қарыз беру жағдайларына қолданылмайды.
45. Банк сомасы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарға сай келмейтін тұтынушылық банктік қарыз бермейді.
46. Клиент-жеке тұлғамен шарт жасаған жағдайда, Банк Банктер туралы заңның 39-бабының 2-тармағының екінші бөлігіне сәйкес қарыз алушы-жеке тұлғаға қарызды өтеу әдісін таңдау үшін түрлі әдістермен есептелген қарызды өтеу кестелерінің жобаларын береді. Банк міндетті түрде қарыз алушыға өтеудің мынадай әдістерімен есептелген қарызды өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады:
- сараланған төлем әдісі, бұл ретте қарыз бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;
- аннуитеттік төлем әдісі, бұл ретте банктік қарыз бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын банктік қарыздың бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлем мөлшерлері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін.
- Банк қарыз алушыға ІНҚ-да ондай талап болған жағдайда, ІНҚ-ға сәйкес есептелген қарызды өтеудің қосымша әдістерін ұсынуға құқылы.
47. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қарыз алған қарыз алушы-жеке тұлға, қарыз берілген күннен бастап Банк есептеген сыйақыларды төлей отырып, банктік қарыз шартын жасаған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде қарызды қайтаруға құқылы. Осы тармақта көзделген жағдайда, қарызды қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбы немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлері алынбайды.
48. БЕҚБТ/байланысты тараптарды және/немесе жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелерді жасайтын тұлғаларды қоса алғанда, Клиенттерге берілетін кредиттердің шекті сомалары мен мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасына және ІНҚ-ға сәйкес айқындалады және осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

- 49.Қарызға алған ақшаны пайдаланғаны үшін сыйақы алынады. Кредит бойынша сыйақы мөлшерлемелері Банктің уәкілетті органы бекіткен талаптарға сәйкес БЕҚБТ/байланысты тараптардың клиенттерімен және /немесе жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелерді жасайтын тұлғалармен жасалатын шарттарда айқындалады. Бұл ретте жылдық пайыздық мөлшерлеменің шекті шамалары (төменгі және жоғарғы шекаралары) осы Қағиданың 2-қосымшасында көрсетілген.
- 50.Кредит бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеу кезінде Банк тартылған ресурстардың құнын, кредиттік нарықтағы мөлшерлемелердің деңгейін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің мөлшерін, банкаралық ресурстардың құнын, қаржы нарығының конъюнктурасын және баға белгілеудің өзге де маңызды факторларын басшылыққа алады.
- 51.Кредит бойынша сыйақыны есептеу кезінде, егер тиісті шарттың талаптарында өзгеше көзделмесе, бір жылда 360 (үш жүз алпыс) күнге және бір айда 30 (отыз) күнге тең күндер саны есепке алынады.
- 52.Сыйақы күн сайын кредит валютасында есептеледі. Егер сыйақы есептелетін күн жұмыс істемейтін күнге келетін болса, онда сыйақы келесі жұмыс күніне есептеледі.
- 53.Банк қайтарымдылық, мерзімділік, төлемділік, кейбір жағдайларда қамтамасыз ету және нысаналы пайдалану шарттарында Қазақстан Республикасының заңнамасында және ІНҚ-да белгіленген тәртіппен кредиттеудің/қаржыландырудың әртүрлі құралдарын ұсынады.
- Кредит беру туралы шарт жасаудың міндетті шарты Клиенттің Банктің ол туралы, жасалатын мәміле (қарыз операциясы) туралы мәліметтерді және Тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпаратты кредиттік бюролардың дерекқорына беруге келісімінің, сондай-ақ кредиттік бюроның Банкке кредиттік есепті беруге және Қазақстан Республикасының заңнамасында және ІНҚ-да өзге талаптарға келісімінің болуы болып табылады.
- 54.Клиент, БЕҚБТ/байланысты тараптар және /немесе жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелер жасайтын тұлғалар үшін кредит бойынша нақты шарттарды (сыйақы төлеу шарттарын қоса алғанда) Банк Клиентпен/БЕҚБТ/байланысты тараптармен және/немесе жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелер жасайтын тұлғалармен жасалатын тиісті шарттарда белгілейді.
55. Егер Банк Клиентке бөлек ақыға қосымша қаржылық қызмет (Банк және (немесе) үшінші тұлғалар көрсететін қызмет) ұсынған жағдайда, Банк банктік қарыз шартын жасағанға дейін Клиенттің оған осындай қызметті көрсетуге, оның ішінде қосымша қаржылық қызметті алумен байланысты өзге шарттар жасауға келісімін алады және қосымша қаржылық көмек көрсету туралы тиісті өтінішті рәсімдейді.
56. Тізбесін уәкілетті орган белгілейтін оффшорлық аймақтарда тіркелген тұлғаларға банктік қарыз беруге тыйым салынады.

57. Банктер тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға жеке тұлғалармен жасалатын, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес банктік қарыз шарттары бойынша банктік қарыз беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты банктік шотты жүргізгені үшін, сондай-ақ банктік шотқа қарызды есепке жатқызғаны үшін комиссия белгілеуге және алуға құқылы емес.
58. Банк бір жылға дейінгі мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап алты айға дейін, бір жылдан астам мерзімге берілген қарызды алған күннен бастап бір жылға дейін негізгі борышты ішінара мерзімінен бұрын өтеу немесе толық мерзімінен бұрын өтеу жағдайларын қоспағанда, қарыздарды мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін алуға құқылы емес.
59. Банктің заңды тұлғалармен банктік қарыз шартын жасаған күні белгіленген сыйақы мөлшерлемелерін ұлғайту жағына біржақты тәртіппен өзгертуге құқығы жоқ, мына жағдайларды қоспағанда:
- 1) Клиенттің банктік қарыз шартында көзделген жағдайларда, қарыз алуға және оған қызмет көрсетуге байланысты дәйекті ақпарат беру бойынша өз міндеттемелерін бұзуы;
 - 2) Банкте Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларда, сондай-ақ банктік қарыз шартында көзделген мынадай жағдайларда, міндеттемелердің мерзімінен бұрын орындалуын талап ету құқығының туындауы:
 - банктің алдын ала жазбаша хабарламасын алмай-ақ, акционерлік қоғам (шаруашылық серіктестік) акцияларының (қатысу үлесінің) он және одан да көп пайызын жинақтап алғанда иеленетін Клиент қатысушыларының (акционерлерінің) құрамы өзгергенде;
 - кепіл ұстаушы болып табылатын Банктің құжаттар бойынша және кепілге қойылған мүліктің іс жүзінде болуын, көлемін, жай-күйін және сақтау шартын тексеру, сондай-ақ үшінші тұлғалардың Клиенттің (кепіл берушінің) мүлкіне, оның ішінде Банкке кепілге қойылған мүлікке талап қою құқықтарын Клиент және (немесе) кепіл беруші бұзған жағдайларда.
60. Банк шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнды) Клиентпен жасалатын шарттарда, сондай-ақ қарыздар мен салымдар бойынша (банкаралықты қоспағанда) сыйақы шамалары туралы ақпаратты таратқанда, оның ішінде оны жариялағанда көрсетеді.
61. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес қарыз алатын жеке тұлғамен шарт жасаған кезде Банк оған банктік қарыз шарты бойынша қарыз алушы-жеке тұлғаға арналған жадынаманы береді.
62. Егер Банк Клиентке бөлек ақыға қосымша қаржылық қызмет (Банк және (немесе) үшінші тұлғалар көрсететін қызмет) ұсынған жағдайда, Банк банктік қарыз шартын жасағанға дейін Клиенттің оған осындай қызметті көрсетуге, оның ішінде қосымша қаржылық қызметті алумен

байланысты өзге шарттар жасауға келісімін алады және қосымша қаржылық көмек көрсету туралы тиісті өтінішті рәсімдейді.

63. Егер Клиент банктік қарыз шартын жасау кезінде өмірді және (немесе) жазатайым оқиғалардан (ауырған жағдайда) сақтандыру қызметі түріндегі қосымша қаржылық қызметті таңдаған жағдайда, Клиентте өзі таңдаған сақтандыру ұйымының қызметтері бойынша ұсыныстар болмаған кезде, Банк олардың қолданатын сақтандыру тарифтері мен талаптарын көрсете отырып, кемінде 3 (үш) сақтандыру ұйымының қызметтерін ұсынады.
64. Банктік қарыз шарты бойынша міндеттемені орындаудың өткізіп алынған мерзімі болған кезде Банк Банктер туралы заңның 36-бабының 1-тармағына сәйкес Клиентті хабардар етеді.
65. Банктің мерзімі өткен берешегі бар қарыз алушымен және (немесе) оның өкілімен және (немесе) банктік қарыз шарты шеңберінде кредитормен міндеттемелерге байланысты үшінші тұлғамен өзара іс-қимылы:
- 1) егер Клиентпен өзге уақыт, кезеңділік және күн (демалыс және (немесе) мереке) келісілмесе, жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде қарыз берушінің тұрғылықты жері не орналасқан жері, не қарыз алушының тіркелген жері не банктің (филиалдың) үй-жайы бойынша аптасына үш реттен артық емес және жұмыс күні бір реттен артық емес;
 - 2) Банктің бастамасы бойынша телефон арқылы сөйлесу арқылы жұмыс күндері сағат 8.00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде үш реттен артық емес және демалыс және мереке күндері сағат 9.00-ден 19.00-ге дейінгі кезеңде екі реттен артық емес жүргізіледі.

Банк қарыз алушыны хабардар ету үшін коллекторлық агенттікті тартуға құқылы.

4-тарау. Банк қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

66. Банк беретін кредит бойынша қамтамасыз ету Банк үшін қолайлы кез келген мүліктің (ақшаны, бағалы қағаздарды және өзге де қаржы құралдарын, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті, мүліктік және өзге де құқықтарды қоса алғанда) кепілі (кепілдігі), үшінші тұлғалардың кепілдіктері мен кепілгерліктері, тұрақсыздық айыбы және Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе жасалған шарттарда көзделген қарыздардың (кредиттердің) қайтарымдылығын қамтамасыз етудің Банк үшін қолайлы басқа да тәсілдері болуы мүмкін. ІНҚ-ға сәйкес өзге талаптар көзделген кепіл заттарын қоспағанда, ұсынылатын кепілмен қамтамасыз етуге меншік құқығының және өзге де заттық құқықтардың туындағанын растайтын құжаттардың болуы міндетті талап болып табылады. Банк кепілмен қамтамасыз ету ретінде қабылдайтын мүлік, мүлікті қайта кепілге қою жағдайларын қоспағанда, үшінші тұлғалардың талаптары мен ауыртпалықтарынан бос болуға тиіс.

- 67.Берілетін кредит бойынша Банк қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар ІНҚ, сондай-ақ Банктің уәкілетті органының шешімдерімен айқындалады. Клиенттің кредит қабілеттілігі мен сенімділігі жоғары болған жағдайда, Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе ІНҚ-да белгіленген шектеулерді ескере отырып, қамтамасыз етусіз (бланкілік кредит) кредит беру туралы шешім қабылдауға құқылы.
- 68.Қарыздар бойынша кепілмен қамтамасыз етудің жалпы құрылымындағы кепілмен қамтамасыз етудің жекелеген түрлерінің арақатынасы ІНҚ және шартпен реттеледі.
- 69.Кепілмен қамтамасыз етудің жекелеген түрлерін қабылдау кезінде ІНҚ талаптарына сәйкес «кредит сомасының» «кепілмен қамтамасыз ету құнына» қатынасын сақтау міндетті шарт болып табылады.
- 70.Қамтамасыз етудің кепіл құны Банктің ІНҚ талаптарына сәйкес өтімділіктің төмендету коэффициентін қолдана отырып, нарықтық құн негізінде айқындалады.
- 71.Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе ІНҚ-да көзделген жағдайларда, Банк кепіл мәнін сақтандыру және (немесе) кепілге бағалау жүргізу туралы талаптар қоя алады.
- 72.Мүлікті бағалауды жүргізуге және мүлікке құқықтарды және онымен мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті органда/тұлғада мүлік кепілі шартына кепіл шартын/қосымша келісімді тіркеуді жүргізгені үшін алымды төлеуге байланысты барлық шығыстар, сондай-ақ кепілмен қамтамасыз етуді қайта бағалауға байланысты шығыстар, егер өзге талап шарттық қатынастармен және/немесе ІНҚ-мен анықталмаса, қарыз алушыға (кепіл берушіге) жүктеледі.
- 73.Егер қарыз беру туралы шарттарда сақтандыру және (немесе) қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын айқындау мақсатында бағалау жүргізу шарттарын жасау туралы талаптар көзделген болса, Банктің қарыз алушыға, кепіл берушіге сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдауда шек қоюға құқығы жоқ.
- 74.Қамтамасыз етудің жалпы талаптары Банктің кепіл/кредит саясатында белгіленеді. Әрбір нақты жағдайда қабылданатын қамтамасыз етудің Банк үшін жарамдылығы туралы шешімді Банктің уәкілетті органы қабылдайды.

5-тарау. Кассалық операцияларды жүргізудің жалпы шарттары

- 75.Банк кассалық операцияларды Банк филиалдарының, қызмет көрсету бөлімшелерінің кассаларында, сондай-ақ Банктің өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының желісінде жүзеге асырады.
- 76.Банк филиалдардың, құрылымдық бөлімшелердің, қызмет көрсету бөлімшелерінің, Банктің өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының орналасуы мен жұмыс режимі туралы ақпаратты клиенттерге көру және

танысу үшін қолжетімді орындарда және Банктің Интернет-ресурсында, ҚБҚЖ-да орналастырады.

77. Банк филиалдарының, қызмет көрсету бөлімшелерінің кассаларындағы операциялар операциялық сағат ішінде жүзеге асырылады.
78. 2 000 000 (екі миллион) теңгеден жоғары сомадағы қолма-қол ақша, сондай-ақ шетел валютасындағы балама сома қолма-қол ақша берілетін күнге дейін 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей берілген Клиенттің алдын ала өтінімі бойынша беріледі, ал жеке кәсіпкерге немесе заңды тұлғаға қолма-қол ақша қолма-қол ақша берілетін күнге дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей берілген өтінім бойынша беріледі.
- Банк қолма-қол ақшаны берудің болжамды күніне дейін 2 (екі) жұмыс күні бұрын алдын ала өтінім бойынша көрсетілген лимиттен жоғары сомада ақша бере алады. Жоғарыда көрсетілген лимит Банк кассасы арқылы қолма-қол ақшамен берілген кредит сомасына қолданылмайды.
79. Қолма-қол шетел валютасын қабылдау және беру Қазақстан Республикасының валюта заңнамасының нормаларын сақтай отырып жүзеге асырылады.
80. Банк кассалық операцияларды жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес эмитент банктер ұсынған шетел валютасының үлгілері не эмитент банктердің және осындай ақпаратты таратумен айналысатын басқа ұйымдардың ресми көздерінен алынған қолма-қол шетел валютасының төлемге жарамдылық белгілері туралы анықтамалық және ақпараттық материалдар бойынша қолма-қол шетел валютасының төлемділігін тексереді.
81. Уәкілетті органның лицензиясы негізінде Банк операция жасалатын күні Банк белгілеген және айырбастау пунктінің ақпараттық стендінде орналастырылған бағам бойынша қолма-қол шетел валютасын сатып алу/сату жөніндегі операцияларды жүзеге асырады. Банк қолма-қол шетел валютасын сатып алу/сату жөніндегі операцияларды ондай мүмкіндігі болса, жүзеге асырады.
82. Банктің әртүрлі айырбастау пункттерінде және Банк арналарында қолма-қол шетел валютасын сатып алу/сатудың әртүрлі бағамдарын белгілеуге жол беріледі.
83. Қолма-қол шетел валютасын айырбастау операцияларын Банк Клиент клиенттің жеке басын куәландыратын құжатты және Қазақстан Республикасының заңнамасына және ІНҚ-ға сәйкес клиент туралы басқа да қосымша мәліметтерді ұсынған жағдайда жүзеге асырады.
84. Банк валютаны сату/сатып алу күніне белгілеген қолданыстағы бағамдар туралы толық ақпарат БҚҚЖ-да, Банктің филиалына, қызмет көрсету бөлімшесіне жүгінген кезде немесе байланыс орталығының телефондары арқылы беріледі.

6-тарау. Төлем картасын пайдалану арқылы жүргізілетін операциялар

85. Банк жеке тұлғалар үшін төлем картасын шығарады. Төлем картасы төлем картасын беру туралы шарт негізінде шығарылады.
86. Төлем картасы карталық операцияларды, төлемдерді, аударымдарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында, Банкпен шарттық қатынастарда, халықаралық төлем жүйелерінің ережелерінде, сондай-ақ ІНҚ-да көзделген өзге де операцияларды жүргізу үшін пайдаланылады.
87. Банк үшінші тұлғалардың төлем картасына қызмет көрсетуден бас тартқаны үшін жауап бермейді.
88. Тәуекелдерді азайту мақсатында Банк төлем карталарын пайдалана отырып операцияларды жүргізуге шектеулер/лимиттер белгілеуге, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде шығарылатын төлем карталарының қолданылу мерзімі мен саны бойынша шектеулер белгілеуге құқылы.
89. Төлем картасы арқылы қол жеткізуге болатын ағымдағы шоттар Клиенттің таңдауы бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында да, шетел валютасында да ашылуы мүмкін.
90. Клиенттің таңдауына қолжетімді валюталардың түрлері ІНҚ-ға және Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес белгіленеді. Ағымдағы шоттарды қолма-қол ақшамен де, қолма-қол ақшасыз да толтыруға болады.
91. Клиент төлем карталарын тауарлар мен қызметтерді сатып алу кезінде төлемдерді жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ Банк айқындаған және оның шарттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін қолма-қол ақша алу, валюта айырбастау және басқа да операцияларды жүргізу үшін пайдаланады.
92. Төлем карталарын пайдалана отырып жүргізілетін клиенттердің шоттары бойынша валюталық операциялар Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.
93. Төлем картасы және/немесе банк шоты алаяқтық операциялар жасау, Қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланылады деген күдік жеткілікті болған кезде Банк клиентке операция жүргізуден бас тартуға құқылы.

7-тарау. Қолма-қол шетел валютасымен жүргізілетін айырбастау операциялары

94. Банк уәкілетті органның лицензиясы негізінде қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату және айырбастау бойынша операцияларды жүзеге асырады.
95. Банк қолма-қол шетел валютасын айырбастау операцияларын жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының және ІНҚ талаптарын басшылыққа алады.

96. Қолма-қол шетел валютасын сатып алу және сату Банк ғимаратының ішінде орналасқан айырбастау пункттерінде ғана жүргізіледі.
97. Банктің айырбастау пункттері қолма-қол шетел валютасын сатып алудың, сатудың және айырбастаудың қолма-қол операцияларын Банктің бағамдарды белгілеу туралы жазбаша/электрондық өкімінде көрсетілген валюталардың түрлері бойынша белгіленген сатып алу, сату бағамдарына қатаң сәйкес жүргізеді.
98. Шетел валютасын сатып алу және сату бағамы Банктің уәкілетті тұлғасының өкімі негізінде белгіленеді және Банктің операциялық күні ішінде өзгеруі мүмкін. Банктің әртүрлі айырбастау пункттерінде әртүрлі бағамдарды белгілеуге рұқсат етіледі. Айырбастау операцияларын жүргізу кезінде шетел валюталарының түрлері ІНҚ-да белгіленеді.
99. Қолма-қол шетел валютасын сатып алу, сату, қайта есептеу және айырбастау кезінде Банктің айырбастау пунктінің қызметкері ақша белгілерінің түпнұсқалығын анықтауға арналған арнайы техникалық құралдардың көмегімен валютаның түпнұсқалығын тексереді.
100. Банктің қолма-қол шетел валютасын төлемге жарамсыз деп тануы қолма-қол шетел валютасымен операцияларды жүзеге асыру тәртібін регламенттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.
101. Қолдан жасау белгілері бар қолма-қол шетел валютасы анықталған кезде Банк құқық қорғау органдарына хабарлайды. Қолдан жасау белгілері бар банкноттар мен монеталар Клиентке қайтарылмайды, қабылданған банкноттар мен монеталардың сомасы Клиенттің банктік шотына есептелмейді.
102. Банкноттар мен монеталардың төлем қабілеттілігін айқындау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Банк клиенттерге шетелдік үлгідегі тозған купюраларды жаңа купюраларға айырбастау бойынша қызмет көрсетпейді.

8-тарау. Аударым операциялары

103. Заңды және жеке тұлғалар төлемдер мен ақша аударымдарын банктік шоттарды пайдалана отырып, сондай-ақ банктік шот ашпай-ақ, теңгемен немесе шетел валютасымен Қазақстан Республикасының заңнамасында және ІНҚ-да көзделген тәртіппен жүзеге асыра алады.
104. Резиденттер мен бейрезиденттер арасында немесе бейрезиденттер арасында жүзеге асырылатын ұлттық валютадағы төлемдер мен ақша аударымдары, сондай-ақ шетел валютасындағы барлық төлемдер мен ақша аударымдары Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.
105. Заңды тұлғалар банктік шот ашпай тек салықтар мен бюджетке төленетін төлемдер бойынша, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша төлемдерді және (немесе) аударымдарды жүзеге асыруға құқылы.

106. Банк Клиенттің нұсқаулары бойынша төлемдер мен аударымдарды Клиенттің банктік шотындағы ақша қалдығы шегінде ғана Банкке операциялар жүргізгені үшін сыйақы сомасын ескере отырып және жасалған шарттың, ІНҚ-ның талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді. Банк шетелдегі жасырын иеленушіге арнап ашылған шоттарға аударымдарды жүзеге асырмайды.
107. Клиент төлемдер мен ақша аударымдарын Банкке жеке жүгіну арқылы да, қашықтан қол жеткізу жүйесі арқылы да жүзеге асыра алады.
108. Клиенттер банк шоттары бойынша төлемдер мен ақша аударымдарын жүзеге асырған кезде Банк валюталық бақылау агенті ретінде Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес валюталық бақылаудың міндетті рәсімін жүргізеді.
109. Банк ынтымақтастық туралы келісімдер жасалған және аударымдарды жүзеге асыру бойынша қызметтерді іске асыру үшін пайдаланылатын техникалық құралдар бар ақша аударымдары жүйелері бойынша жеке тұлғалар арасында банктік шот ашпай-ақ аударымдарды жүзеге асыру бойынша қызметтер көрсетеді.
110. Клиент ағымдағы немесе болашақ валюталау күнімен төлемдерді жүзеге асыруға, Банк оларды орындаған сәтке дейін Банкке бұрын ұсынылған төлем құжаттарының күшін жоюға құқылы. Клиенттердің банктік шоттары бойынша есеп айырысу және өзге де операциялар Банк белгілеген операциялық күн ішінде жүргізіледі.
111. Банктің төлем тапсырмасын орындаудан бас тартуы Салық кодексінің 24-бабында, Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңның 19-бабының 8-тармағында, АЖ/ТҚҚ туралы заңның 13-бабында, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңның 46-бабында және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде көзделген негіздер бойынша бас тарту себебін көрсете отырып, нұсқауды алған күні операциялық күн ішінде жүзеге асады.
112. Тәуекелдерді азайту мақсатында Банк өз қалауы бойынша Банк Клиенттеріне және Банк Клиенттері жасайтын мәмілелерге/транзакцияларға / төлемдерге / ақша аударымдарына қойылатын белгілі бір талаптарды белгілеуге/өзгертуге құқылы. Егер мұндай төлемдер / ақша аударымдары Банктің талаптарына жауап бермеген жағдайда, онда Банк Клиенттің төлем құжатын акцептеуден бас тартуға және/немесе көрсетілген төлемді / аударымды талдау үшін қажетті кез келген қосымша ақпаратты ұсынуды талап етуге құқылы.
113. Банк алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын анықтаған кезде мынадай әрекеттерді жүзеге асырады:
- 1) нұсқаулардың орындалуын тоқтата тұрады және (немесе) ақша сомасын 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге бұғаттайды;
 - 2) Клиентпен жасалған шартта белгіленген тәртіппен Клиентке себептер мен негіздер көрсетіле отырып, нұсқауды орындауды тоқтата тұру

және (немесе) төлемді және (немесе) ақша аударымын бұғаттау туралы ақпарат береді;

3) кейіннен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген іс-шараларды жүргізу үшін қылмыстық қудалау органына алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясы бойынша ақпаратты жіберу үшін Антифрод-орталыққа хабарлама жібереді;

4) 3 (үш) жұмыс күні өткеннен кейін қылмыстық қудалау органының төлемді және (немесе) ақша аударымын одан әрі тоқтата тұру не осындай төлемді және (немесе) ақша аударымын тоқтата тұру қажеттілігінің болмауы туралы шешімі алынбаған жағдайда, егер осы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүргізуге кедергі келтіретін Қазақстан Республиканың заңдарында көзделген өзге де негіздер болмаса, осы төлемді және (немесе) ақша аударымын жүзеге асырады.

114. Банк Антифрод-орталықтан алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларымен байланысты тұлғалар туралы ақпарат алған кезде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған мерзімдер мен тәртіппен нұсқауларды орындаудан бас тартады немесе тоқтата тұрады.

115. Банк Антифрод-орталыққа Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актісінде айқындалған нысан бойынша, мерзімдер мен тәртіппен алаяқтық белгілері бар төлем транзакцияларын жүзеге асырудың барлық оқиғалары және (немесе) әрекеттері туралы ақпаратты жібереді.

9-тарау. Электрондық банктік қызметтерді ұсыну

116. Банк уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензияда көзделген банктік операциялар бойынша ғана электрондық банктік қызметтерді көрсетеді.

117. Банк электрондық банктік қызметтерді ҚБҚЖ арқылы көрсетеді.

118. Банк электрондық банктік қызметтерді көрсету кезінде АЖ/ТҚҚ туралы заңда көзделген қажетті шараларды қолданады, сондай-ақ валюталық бақылау агентінің функцияларын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

119. Электрондық банктік қызметтер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпті сақтай отырып, Төлемдер және төлем жүйелері туралы заңда көзделген сәйкестендіру құралдарын қолдану арқылы көрсетіледі. Банктің электрондық цифрлық қолтаңбаны (бұдан әрі – ЭЦҚ) пайдалана отырып Клиентке электрондық банктік қызметтерді көрсетуі Клиентте Қазақстан Республикасының аккредиттелген куәландырушы орталығы берген тіркеу куәлігі болған кезде жүргізіледі.

120. Электрондық төлем қызметтері заңды тұлға-клиенттерге сәйкестендірудің мынадай тәсілдерін пайдалана отырып ұсынылады: ЭЦҚ, олардың уәкілетті тұлғаларын динамикалық сәйкестендіру, биометриялық сәйкестендіру.
121. Электрондық төлем қызметтері жеке тұлға-клиенттерге сәйкестендірудің мынадай тәсілдерінің бірін пайдалана отырып ұсынылады: ЭЦҚ, динамикалық сәйкестендіру, биометриялық сәйкестендіру немесе пайдаланушының бірегей идентификаторы мен құпиясөзі.
122. Ақпараттық банктік қызметтер сәйкестендірудің мынадай тәсілдерінің бірін пайдалана отырып ұсынылады: ЭЦҚ, динамикалық сәйкестендіру, биометриялық сәйкестендіру немесе бірегей идентификатор мен құпиясөз. Құпиясөз көп рет қолданылады немесе Клиенттің қалауы бойынша өзгертіледі.
123. Банк банктік шоттар арасындағы ақша аударымын (банктік шоттарды толықтыру) Клиенттен нұсқау алған кезде Клиенттің банктік шотын тікелей дебеттеу және нұсқауда көрсетілген соманы пайдаланылатын ағымдағы шоттан алу және оны Клиент көрсеткен өзге банктік шотқа аудару жолымен жүзеге асырады.
124. Клиент электрондық құжаттарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес толтырады, бұл ретте электрондық құжаттарды дұрыс рәсімдемегені үшін келтірілген ықтимал залалды қоса алғанда, барлық жауапкершілік Клиентке жүктеледі.
125. Төлемді немесе ақша аударымын жүргізу қажет болған кезде Клиент тиісті ағымдағы шотта төлем немесе ақша аударымын жүргізу және Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес Банктің қызметтері үшін комиссиялық сыйақы төлеу үшін жеткілікті ақша сомасын қамтамасыз етеді.
126. Банктің электрондық банктік қызметтерді ұсынуы ІНҚ-да және шартта белгіленген қауіпсіздік рәсімдеріне сәйкес жүргізіледі.
127. Клиенттерге электрондық қызмет көрсету процесінде Банк қабылдайтын қауіпсіздік рәсімдері:
- 1) Клиентті және оның тиісті электрондық банк қызметтерін алу құқығын дұрыс сәйкестендіру;
 - 2) клиентке электрондық банктік қызметтер көрсетілетін электрондық құжаттарда бұрмаланулардың және/немесе өзгерістердің болуын анықтау;
 - 3) банк құпиясын құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды қамтамасыз ету және осы ақпараттың тұтастығын қамтамасыз ету.
128. Клиент ІНҚ және шартта белгіленген қауіпсіздік рәсімдерін орындаған жағдайда электрондық банк қызметтерін ұсынуға рұқсат беріледі. Банктік құпияны құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу, оны рұқсатсыз өзгерту, рұқсат етілмеген төлем жасау және (немесе)

ақша аудару және басқа да рұқсат етілмеген әрекеттер анықталған жағдайда, Банк бұл туралы Клиентке ондай әрекеттерді анықтағаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

129. Банк негізінде Клиентке электрондық банктік қызметтер ұсынылған хабарламаларды жіберу және (немесе) алу туралы растауды сақтауды қамтамасыз етеді. Банк Клиенттің сұрауы бойынша оған шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде электрондық банктік қызметтерді ұсынуды (алуды) растайтын электрондық құжаттарды жөнелту және (немесе) алу туралы растауды ұсынады.

130. Банк мына жағдайларда Клиентке электрондық банктік қызметтерді ұсынуды тоқтата тұрады немесе тоқтатады:

- 1) Клиенттің шартта көзделген электрондық банктік қызметтерді алу тәртібі мен талаптарын бұзуы;
- 2) электрондық банктік қызметтерді көрсетуді қамтамасыз ететін техникалық құралдардың істен шығуы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында және шартта көзделген өзге де негіздер бойынша.

Қағиданың осы тармағында көзделген негіздер бойынша электрондық банктік қызметтерді ұсыну тоқтатыла тұрған немесе тоқтатылған жағдайда, Қағиданың осы тармағының 3) тармақшасында көзделген электрондық төлем қызметтерін беруді тоқтата тұру немесе тоқтату жағдайларын қоспағанда, Банк Клиентке ол туралы шартта белгіленген тәртіппен және мерзімдерде хабарлайды.

10-тарау. Банктің өзге операцияларды жүргізуінің жалпы шарттары

131. Банк осы Қағиданың 12-тармағында көзделген банктік операциялардан басқа, уәкілетті органның лицензиясы болған кезде мынадай операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

- 1) факторингтік операциялар: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып, тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушыдан төлем жүргізуді талап ету құқығын алу;
- 2) сейфтік операциялар: сейфтік жәшіктерді, шкафтарды және үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер;
- 3) ақшалай нысанда орындауды көздейтін банк кепілдіктерін беру.

132. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес брокерлік және дилерлік қызметті қоса алғанда, бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыруға құқылы.

133. Банк мынадай қызмет түрлерімен айналысуға құқылы:

- 1) банктердің және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметін автоматтандыру үшін пайдаланылатын мамандандырылған бағдарламалық

жасақтаманы немесе қаржы ұйымдарының қызметінде пайдаланылатын өзге де бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу, өткізу және қолдау;

- 2) ақпарат тасығыштың кез келген түрінде банк қызметінің мәселелері жөніндегі арнайы әдебиетті өткізу;
- 3) өз мүлкін өткізу;
- 4) қаржылық қызметке байланысты мәселелер бойынша консультациялық қызметтер көрсету;
- 5) электрондық ақшаны шығару, өткізу, сатып алу және өтеу, сондай-ақ электрондық ақшамен операциялар жасау жөніндегі ақпаратты жинау және өңдеу бойынша қызмет көрсету;
- 6) қарыз алушылар кепілге қойған мүлікті Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сату;
- 7) банк қызметіне байланысты мәселелер бойынша басқа тұлғалардың мүдделерін білдіру не облигацияларды ұстаушылардың өкілі ретінде әрекет ету;
- 8) төлемді қолма-қол ақшасыз тәсілмен жүзеге асыруға болатын кезде, банк жүйелерін, бағдарламаларын, инфрақұрылымын пайдалана отырып, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді алу және оларға қашықтан ақы төлеу мүмкіндігін қоса алғанда, қызмет көрсету сервисін ұсыну арқылы төлеуші мен тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жеткізуші арасында делдалдық қызметтерді жүзеге асыру;
- 9) банктік және қаржылық қызмет саласындағы мамандардың біліктілігін арттыру бойынша оқытуды ұйымдастыру;
- 10) электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру, сондай-ақ ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органның лицензиясы болған кезде оның банктік қызметтерін пайдаланатын өз Клиенттеріне қатысты тіркеу куәлігінің дұрыстығын растау;

11-тарау. Тарифтерді төлеудің жалпы шарттары

134. Қызметтерді ұсынғаны және операцияларды жүргізгені үшін Банк Клиенттерден Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары мен шектеулерін ескере отырып, Банк дербес белгілейтін Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес комиссиялар мен сыйақылар алады.
135. Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін банктік және өзге де қызметтердің мөлшерлемелері және тарифтері туралы ақпаратты Банк Банктің интернет-ресурсында орналастырады. Банк тарифтер туралы ақпаратты өзекті жағдайда ұстайды. Бұл ретте қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтерге өзгерістер енгізу күні, ішкі құжаттың

нөмірі және осы өзгерістерді қабылдаған орган туралы мәліметтер көрсетіледі.

Банк филиалдарда (олардың жайларында), көруге және танысуға қолжетімді жерде және өзінің интернет-ресурсында қолданыстағы мөлшерлемелер мен тарифтерді бекіту және оларға өзгерістер енгізу күндері туралы мәліметтерді, ІНҚ нөмірлері мен оларды бекіткен (қабылдаған) Банк органын көрсете отырып, банк қызметтері үшін мөлшерлемелер мен тарифтер, оның ішінде төлемдер және (немесе) ақша аударымдары бойынша тарифтер туралы өзекті ақпаратты орналастырады.

136. Қызметтерді ұсынғаны және банк операцияларын жүргізгені үшін мөлшерлемелер мен тарифтердің шекті шамалары осы Қағиданың 2-қосымшасында сипатталған.
137. Клиент Банктің қызметтеріне ақы төлеуге, сондай-ақ Клиенттің нұсқауларын/тапсырмаларын/өкімдерін орындауына байланысты Банк көтерген барлық шығындардың, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, Банктің тиісті қызмет көрсету күніне қолданыстағы тарифтерінде көзделетін мөлшерде және шарттарда өтелуіне кепілдік береді.
138. Тарифтер Банк деректемелері бойынша қолма-қол ақшасыз аударумен, не Банктің кассасы арқылы қолма-қол ақшамен, не Банк пен Клиент арасындағы шарттардың талаптарына сәйкес Клиенттің Банктегі банктік шотын тікелей дебеттеу арқылы төленеді.
139. Егер тарифтерде өзгеше белгіленбесе, Банктің үшінші тұлғалар мен банктерге барлық байланыс, пошта, телефон және басқа шығыстары нақты құны бойынша қосымша алынады.
140. Егер Банктің Клиенттің нұсқауын/тапсырмасын/өкімін орындау жөніндегі қызметтерінің құны тарифтермен айқындалмаған немесе Банктің стандартты емес міндеттемелерді қабылдауын немесе Банктің стандартты рәсімдерінде көзделмеген қосымша жұмыс жүргізуін талап еткен жағдайда, Банк Клиенттің тапсырмасын орындау бойынша өз шығындарын негізге ала отырып, комиссиялық сыйақының мөлшерін дербес айқындайды.
141. Нұсқаулықтар (шарттар) өзгерген не тапсырманың күші жойылған (кері қайтарылған) жағдайда, Банк өндіріп алған комиссия Клиентке қайтарылмайды.

12-тарау. Банктің және оның Клиентінің құқықтары мен міндеттері, олардың жауапкершілігі

142. Банк пен оның Клиенттері Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банк пен Клиент арасында жасалған шарттарға сәйкес құқықтарды, міндеттерді иеленеді және жауапкершілік көтереді.
143. Банк пен Клиенттер арасындағы шарттар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе ІНҚ өзгеше көзделмесе,

белгіленген тәртіппен Банктің уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен үлгілік нысандарға сәйкес жасалады.

144. Егер тиісті шарттың талаптарында өзгеше көзделмесе, Банк пен Клиент қол қоятын шарттарға өзгерістер мен толықтырулар тараптардың уағдаластығы бойынша ғана енгізіледі.
145. Қосылу шарттарына өзгерістер мен толықтыруларды Банк біржақты тәртіппен енгізеді (Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда). Клиент қосылу туралы өтінішке қол қоя отырып, болашақта қосылу шартына енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдайды. Қосылу шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде жаңа редакциядағы қосылу шарты Банктің интернет-ресурсында, Банктің кеңселерінде Клиенттер көріп, танысуы үшін қолжетімді орындарда жарияланады. Енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен келіспеген жағдайда, Клиент тиісті шартта белгіленген тәртіппен Банкке тиісті өтініш беру жолымен шартты бұзуға құқылы.
146. Банк пен Клиент шарттардың талаптарын сақтауға, оларға шарттардың талаптарымен жүктелген міндеттерді орындауға міндетті. Шарттарда көзделген міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Банк пен Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында және тиісті шарттардың талаптарында көзделген жауапкершілікті көтереді. Клиент Банкпен жасалған шарттардың талаптарын бұзған жағдайда, Банк Клиентке қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе шартта белгіленген шараларды қолдануға құқылы.
147. Шарттарда тараптардың жауапкершілігін болдырмайтын немесе шектейтін талаптар көзделуі мүмкін, мысалы, еңсерілмейтін күш (форс-мажор) жағдайлары, кінәнің болмауы, шарттың қарама-қарсы тарапының тиісінше әрекет етпеуі және т. б.
148. Банк Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, жүргізілетін операциялар бойынша сыйақы мөлшерлемелерін және банктік және/өзге де қызметтер көрсеткені үшін тарифтерді дербес белгілеуге, Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде АЖ/ТҚҚ саласындағы заңнаманың талаптарын ескере отырып, банктік және өзге де операцияларды жүргізудің ішкі рәсімдерін айқындауға, Клиенттен (оның өкілінен) банктік және өзге де операцияларды жүргізуге арналған қажетті құжаттардың тізбесін айқындауға құқылы.
149. Банк Клиенттің (оның өкілінің) жазбаша келісімімен Клиент ұсынған дербес деректерді, оның ішінде биометриялық деректерді жинауды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), пайдалануды, таратуды (оның ішінде беруді), иесіздендіруді, бұғаттауды, жоюды, трансшекаралық беруді жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес осы деректермен кез келген өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыруға құқылы.

150. Банк Клиентті алдын ала хабардар етудің қажеттілігінсіз келісімдер (шарттар) бойынша Клиенттің міндеттемелерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан қысым көрген немесе бұзылған өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген әрекеттерді жасауға құқылы. Бұл ретте Клиент әкімшілік, сот және заңды шығыстарды шектеусіз қоса алғанда, осымен байланысты Банктің барлық шығысын төлейді.
151. Егер операциялар Клиенттің немесе оның уәкілетті өкілінің қателері, Клиенттің немесе оның уәкілетті өкілінің құжаттарды дұрыс рәсімдемеуі, Клиенттің немесе оның уәкілетті өкілінің дәйексіз ақпарат беруі салдарынан жүргізілген болса, Банк клиенттің санкцияланбаған, уақытылы немесе қате операциялары үшін, оның ішінде Клиент туралы ақпаратты жариялағаны үшін жауап бермейді.

13-тарау. Клиенттермен жұмыс істеу тәртібі

152. Банктің барлық операциясы Банк пен Клиент арасында жасалатын шарттардың негізінде (егер шарт жасау талап етілсе) Қазақстан Республикасының заңнамасында және ІНҚ-да белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Банктік қызметті көрсету кезінде Банк Клиент ұсынған ақпараттың конфиденциалдығын қамтамасыз етеді.
153. Банк қызметін алу қажеттілігі туындаған кезде Клиент Банктің кез келген филиалына, бөлімшесіне жүгіне алады, Банктің интернет-ресурсын аша алады, Банктің ҚБҚЖ аша алады немесе жүктей алады.
154. Қызметтер Банктің операциялық сағаты кезінде көрсетіледі және операциялық сағат аралығында операциялар жүргізіледі.
155. Клиент Банктің филиалына, бөлімшесіне жүгінген кезде Банк қызметкерлері Клиенттің Банкке жүгіну мақсатын және банк қызметтеріне қажеттілігін айқындайды. Клиенттің қажеттіліктерін айқындау және кейіннен қызмет көрсету немесе операцияны орындау туралы шарт жасау (шарт жасау қажет болған жағдайда) үшін Банк Клиентке мыналарды ұсынады:
- 1) мөлшерлемелер мен тарифтер, банктік қызмет көрсету туралы өтініш бойынша шешім қабылдау мерзімдері туралы ақпарат (өтініш беру қажет болған жағдайда);
 - 2) банктік қызмет көрсету талаптары туралы ақпарат және банктік қызмет көрсету туралы шарт жасау үшін қажетті құжаттардың тізбесі;
 - 3) банктік қызмет көрсету туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда Клиенттің жауапкершілігі және ықтимал тәуекелдері туралы ақпарат;
 - 4) Клиенттің сұрауы бойынша банктік қызмет көрсету туралы тиісті шарттың үлгілік нысанының көшірмесі;

- 5) Клиенттің сұрауы бойынша Банктің қаржылық есептілігін және өзге де ақпаратын орналастыру көздері туралы ақпарат;
 - 6) қосымша қызмет алу шартымен банктік қызмет көрсету және қосымша шығыстардың болуы туралы мәліметтерді қоса алғанда, қосымша қызмет алуға байланысты Клиентпен жасалатын өзге де шарттар туралы ақпарат;
 - 7) Клиенттің қосымша қаржылық қызметті алу шартымен не қосымша қаржылық қызметсіз банктік қызметті (кепілсіз тұтынушылық қарыз) алуға келісу мүмкіндігі туралы ақпарат;
 - 8) Клиентте туындаған мәселелер бойынша консультациялар. Бұл ретте Клиентке оны қызықтыратын мәселелер бойынша кеңес беру қызметтің тиісті түрін ұсынуға жауапты қызметкердің құзыреті шеңберінде жүзеге асырылады.
156. Клиенттің банктік қызметтерге деген қажеттілігін анықтай отырып, Банк Клиентке банктік қызмет көрсету талаптарымен және шартпен (егер бар болса) танысу үшін, сондай-ақ Банк ұсынатын қызметтерді алу қажеттілігі туралы шешім қабылдау үшін қажетті уақыт ұсынады.
157. Клиент банктік қызметті көрсетудің ұсынылған талаптарымен келіскенін растаған жағдайда, Банк Клиенттің өтінішін қарауды (қажет болған жағдайда ІНҚ-ға сәйкес өтінішті қабылдау) және/немесе 10 жұмыс күнінен кешіктірмей қызметті орындауды қамтамасыз етеді.
158. Клиенттің өтінішіне сәйкес банктік қызметті көрсету стандартты емес тәртіппен (стандартты банктік қызметтердің шарттарын өзгерту, қосымша ақпарат пен құжаттарды алу және талдау қажеттілігі, Банктің уәкілетті органдарының құжаттарды қарауы және т. б.) көзделген жағдайларда, өтінішті Банктің уәкілетті органдары/ құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) Банкке өтініш берген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.
159. Клиент Қазақстан Республикасының заңнамасында және ІНҚ-да көзделген құжаттардың толық, жарамды және дұрыс толтырылған топтамасын ұсынғанда, Клиенттің банктік қызмет көрсету туралы өтініші бойынша осы Қағидада көрсетілген мерзімдерде шешім қабылданады.
160. Толық емес, жарамсыз немесе дұрыс толтырылмаған құжаттар топтамасын ұсынғанда, онда кемшіліктер болғанда, Банктің уәкілетті органының/құрылымдық бөлімшесінің (қызметкерінің) шешіміне сәйкес, сондай-ақ ІНҚ-да көзделген өзге де негіздер бойынша қосымша ақпарат пен құжаттарды алу қажеттілігі туындағанда, Клиенттің банктік қызмет көрсету туралы өтініші бойынша шешім қабылдау мерзімі тоқтатылады. Барлық қажетті ақпарат пен құжаттарды алғаннан кейін мерзімнің өтуі қайтадан басталады: үзіліске дейін өткен уақыт жаңа мерзімге қосылмайды.
161. Банк банктік және/немесе өзге де қызмет көрсетуі, операциялар жүргізуі, Клиенттің (немесе кез келген өзге субъектінің) Банкке өтінішін

қарауы үшін Клиент (немесе өзге субъект) міндетті түрде Банкке дербес деректерді жинауға және өңдеуге жазбаша келісім беруі қажет.

162. Банк банктік құпияға қатысты мәліметтерді ашу жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген банктік құпияға және дербес деректерге қатысты мәліметтерді беру (жария ету) жағдайларын қоспағанда, банктік құпияны және дербес деректерді ашуға Клиенттің жазбаша келісімі бойынша Клиенттің дербес деректері туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруді (жария етуді) қамтамасыз етеді.
163. Банк валюталық заңнама талаптарын сақтайды және валюталық бақылау агенті бола отырып, Клиенттердің валюталық операцияларын жүзеге асыру кезінде, оның ішінде Клиенттердің тапсырмалары бойынша валюталық заңнама талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өкілеттіктерге сәйкес Клиенттер жол берген валюталық заңнаманы бұзудың өзіне белгілі болған фактілері туралы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, валюталық бақылаудың басқа да органдарына және құқық қорғау органдарына хабарлауға міндетті.
164. Валюталық операцияларды жүзеге асыратын клиенттер (резиденттер де, бейрезиденттер де) валюталық бақылау органдары мен агенттеріне олар жүргізетін валюталық операциялар бойынша барлық сұратылған құжаттар мен ақпаратты беруге, жүргізілетін валюталық операциялар бойынша төлемдер мен ақша аударымдарының мақсатын көрсетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды орындау мақсатында төлемдер мен ақша аударымдарының көрсетілген мақсаттарын растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.
165. Банк Клиенттерге (олардың өкілдеріне) және бенефициарлық меншік иелеріне АЖ/ТҚҚ туралы заңның және АЖ/ТҚҚ мақсатындағы жұмысты регламенттейтін ІНҚ талаптарына сәйкес мынадай жағдайларда тиісті тексеру жүргізеді:
- 1) Банктің Клиентпен іскерлік қатынастар орнатуы;
 - 2) ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды, оның ішінде күдікті операцияларды жүзеге асыру;
 - 3) Клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған мәліметтердің дұрыстығына күмән келтіру үшін негіздердің болуы;
166. Іскерлік қатынастар орнатқан кезде және Клиент Банк қызметтерін алған кезеңде Банк Клиент пен оның бенефициарлық меншік иелерінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы халықаралық салық тәртібін жетілдіру туралы келісім және «Шетелдік қаржы мекемелеріндегі шоттарды салықтық бақылау туралы» Америка Құрама Штаттарының Заңы (FATCA) негізінде АҚШ мәртебесі бар адамның белгілері бар

- клиенттерді клиенттер-шетелдік салық төлеушілер санатына жатқызу белгісін және (немесе) Экономикалық ынтымақтастық ұйымына (ЭЫҰ) мүше елдердің құзыретті органдарының Қаржы шоттары және еларалық есептілік туралы ақпаратты автоматты түрде алмасу туралы халықаралық көпжақты келісімі негізінде CRS есептік юрисдикциясының салықтық резиденттік белгісін тексереді.
167. Клиенттер (олардың өкілдері) Банкке бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтерді қоса алғанда, АЖ/ТҚҚ туралы заңда көзделген міндеттерін орындау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды беруге міндетті.
168. Клиент (оның өкілі) Банк нысаны бойынша сұрақнамаларды/өтінішті/келісімді қоса алғанда, АЖ/ТҚҚ мақсатында рәсімдерді жүргізу шеңберінде Банк талап ететін құжаттарды ұсынбаған кезде, сондай-ақ оларды толық/тиісінше толтырмаған жағдайларда, Банк қызметкері Клиентке (оның өкіліне) банктік қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.
169. Банк Қазақстан Республикасының АЖ/ТҚҚ туралы заңнамасында және АЖ/ТҚҚ, оның ішінде санкциялық шектеулер бойынша ІНҚ мақсаттарында Банктің ішкі бақылау қағидаларында көзделген шараларды қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, сондай-ақ клиент іскерлік қатынастарды Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату), терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланады деген күдік болған жағдайда, Клиентпен іскерлік қатынастар орнатпайды, ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жүргізбейді және (немесе) іскерлік қатынастарды тоқтатады.
170. АЖ/ТҚҚ туралы заңға сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту, сондай-ақ тоқтата тұру тиісті шарттардың (міндеттемелердің) талаптарын бұзғаны үшін Банктің азаматтық-құқықтық жауапкершілігі үшін негіз болып табылмайды.
171. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде АЖ/ТҚҚ туралы заңнама нормаларын орындауға байланысты Банктің, операцияға қатысатын корреспондент-банктің Клиенттің төлем нұсқаулықтарын орындаудан немесе орындауды тоқтатудан не тоқтата тұрудан бас тартуынан Клиент көтерген залалдар үшін ешқандай жауапкершілік көтермейді.
172. АЖ/ТҚҚ туралы заңға сәйкес Банк ЖЛА-мен іскерлік қатынастар орнатады. АЖ/ТҚҚ туралы заңда және ІНҚ-да көзделген жағдайларда Банк ЖЛА-мен іскерлік қатынастарды Банк қызметінің тиісті бағытына жетекшілік ететін Банктің басшы қызметкерінің шешімі негізінде белгілейді.
173. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банк БЕҚБТ/байланысты тараптарға және/немесе жасалуында Банктің мүддесі бар мәмілелерді жасайтын тұлғаларға жеңілдік шарттарын бермейді. Мәмілелердің үлгілік талаптарын ДК бекіткен және үшінші

тұлғалармен ұқсас мәмілелерге қолданылатын жағдайларды қоспағанда, БЕҚБТ/байланысты тараптармен немесе жасалуында Банктің мүддесі бар тұлғалармен мәміле тек ДК шешімі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

174. Көрсетілетін банктік қызмет бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Банк клиентке оның:

- 1) осы Қағиданың 14-тарауында көзделген процедураларға сәйкес Банкке;
- 2) банк омбудсманына, уәкілетті органға немесе сотқа жүгіну құқығы туралы хабардар етеді.

175. Банктің, банк омбудсманының және уәкілетті мемлекеттік органның орналасқан жері, пошталық және электрондық мекенжайы туралы ақпарат Банктің интернет-ресурсында, БҚҚЖ-да қолжетімді, сондай-ақ Клиенттің сұрауы бойынша беріледі.

14-тарау. Банк қызметтерін көрсету процесінде туындайтын Клиенттердің өтініштерін қарау тәртібі

176. Клиенттер Банк қызметіне байланысты банктік қызметтерді ұсыну процесінде туындаған мәселелер бойынша шағымдар мен ұсыныстармен Банкке жүгінуге құқылы және белгіленген қарау мерзімдеріне сәйкес жауап алуға міндетті. Клиенттер сенімхат негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда өздерінің уәкілетті өкілдері арқылы Банкке жүгінуге құқылы.

177. Банктің/филиалдың уәкілетті органы/құрылымдық бөлімшесі (қызметкері) Клиенттердің барлық өтінішін міндетті түрде қабылдауға, тіркеуге, қарауға және Қазақстан Республикасының заңнамасында, ІНҚ-да және осы Қағидада белгіленген тәртіппен және мерзімдерде кері байланыс беруге міндетті.

178. Ауызша және электрондық өтініштер бойынша жауап өтініш келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірілмей, жазбаша өтініштер бойынша 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей, бірақ күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде беріледі.

179. Клиент Банкке мына арналар арқылы өтініш бере алады:

- 1) ауызша – Клиент Банктің филиалына/бөлімшесіне тікелей немесе телефон арқылы Банктің Байланыс орталығына жүгінген кезде. Байланыс орталығына жүгінген кезде Клиентпен телефон арқылы сөйлесу жазылады, бұл туралы Клиентке әңгіме басында ескертіледі;
- 2) жазбаша – хатты Банкке қолма-қол немесе почта /курьерлік байланыс арқылы банктің заңды мекенжайына жіберу арқылы: 050004/A26F8P9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 50-үй;

3) электрондық – Банктің қашықтағы жүйелері арқылы, атап айтқанда: xxx@kmf.kz электрондық поштасы, Банктің интернет-ресурсындағы чат, ҚБҚЖ, Банктің әлеуметтік желілердегі ресми парақшалары: <https://www.facebook.com/...>, <https://www.instagram.com/...>, Байланыс орталығының мессенджерлері (WhatsApp, Telegram).

180. Банктің уәкілетті тұлғалары Банктің Басқарма төрағасы/Банк филиалының директоры (филиалда) белгілеген қабылдау кестесіне сәйкес айына кемінде 1 (бір) рет жеке және заңды тұлғаларды, сондай-ақ олардың өкілдерін жеке қабылдауды жүргізеді. Қабылдау жұмыс орны бойынша белгіленген және жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізілген күндер мен сағаттарда жүргізіледі. Егер қабылдау кезінде Банктің уәкілетті тұлғасы өтінішті шеше алмаса (егжей-тегжейлі қарауды талап етсе), оны Клиент жазбаша нысанда баяндайды және онымен жазбаша өтініш ретінде жұмыс жүргізіледі.
181. Клиенттердің жазбаша өтініштері Банктің электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы ІНҚ сәйкес деректемелері бар жазбаша өтініштерді тіркеудің тиісті журналында тіркеледі.
182. Клиентке оның жазбаша өтінішінің қағаз жеткізгіште қабылданғанын растайтын құжат беріледі не өтініштің көшірмесіне тиісті белгі қойылады. Өтініштерді қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.
183. Банктің интернет-ресурсы, ҚБҚЖ және / немесе телефон арқылы келіп түсетін өтініштер ІНҚ-да көзделген тәртіппен тіркеледі.
184. Банкке ауызша нысанда (телефон немесе Клиенттің Банк кеңсесіне жеке өзі барған кезде) келіп түскен өтініштер бірден қаралады және егер мұндай мүмкіндік болса, Клиенттің ауызша өтінішіне жауап дереу беріледі. Егер ауызша өтінішті дереу шешу мүмкін болмаса, ол Банк белгілеген тәртіппен тіркеледі және 3 (үш) жұмыс күні ішінде қаралады.
185. Жазбаша өтініш 10 (он) жұмыс күніне дейін қаралады (егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше мерзім белгіленбесе), ол бойынша Клиент жазбаша жауап алады. Оған Клиент немесе оның уәкілетті өкілі қол қоюы керек және мына ақпаратты қамтуы керек:
- 1) Клиент-жеке тұлғаның немесе Клиенттің уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) немесе Клиент-заңды тұлғаның атауы;
 - 2) Жеке сәйкестендіру нөмірі (Клиент-жеке тұлғалар үшін), бизнес сәйкестендіру нөмірі (Клиент-заңды тұлғалар үшін) немесе басқа сәйкестендіргіш; Клиент өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың деректері немесе оның көшірмесі;
 - 3) Клиенттің немесе Клиенттің уәкілетті өкілінің байланыс телефон нөмірі;
 - 4) пошталық мекенжайы/электрондық мекенжайы (бар болса);
 - 5) өтініштің мәні (өтініштің мәні мен егжей-тегжейі);

6) Клиент қалаған кері байланыс арнасы.

Егер осы тармақтың 2, 4, 6-тармақшаларында көрсетілген құжаттар болмаса, қалғандары болған жағдайда өтініштерді қабылдауға жол беріледі.

Осы өтінішті қабылдау кезінде өтінішті тіркеу күні және өтініштің тіркеу нөмірі қойылады.

186. Кері байланыс беру үшін авторын анықтау және байланыс орнату мүмкін емес өтініштер домалақ арыз деп танылады. Бұл жағдайда орындау мерзімі көрсетілмейді. Домалақ арыздар қаралады, олар бойынша жауап берілмейді. Домалақ арызда дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар не Банк қызметкерлерінің қауіпсіздігіне төнетін қатер туралы мәліметтер қамтылған жағдайда, мұндай арыздар олардың құзыретіне сәйкес Банктің бейінді бөлімшесіне дереу бағытталады.
187. Өтініште баяндалған ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда, Банк Клиенттен қосымша ақпарат/құжаттарды сұратуға құқылы.
188. Қарастыру үшін нарықтың өзге субъектілерінен ақпарат алу немесе қосымша қарау талап етілетін өтініштер бойынша қарау мерзімі 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Бұл ретте өтінішті қарауға жауапты Банк қызметкері өтініштің түріне сәйкес қарау мерзімі аяқталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Клиенттің атына өтінішті қарау мерзімін ұзарту туралы хабарлама жібереді.
189. Клиенттің өтініштерін қарау кезінде Банк объективті, жан-жақты және уақытылы қарауды, сондай-ақ Клиентті қарау нәтижелері мен қабылданған шаралар туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді.
190. Клиентке өтінішті қарау нәтижелері туралы ауызша/жазбаша жауап мемлекеттік тілде және/немесе өтініш тілінде беріледі және Клиент баяндаған әрбір өтінішке, талапқа, өтінішхатқа, ұсынымға және өзге де мәселеге Қазақстан Республикасы заңнамасының, ІНҚ-ның, қаралатын мәселеге қатысы бар шарттардың тиісті талаптарына, сондай-ақ қаралып отырған мәселенің нақты мән-жайына сілтеме жасай отырып, негізделген және уәжді дәлелдерді қамтиды, бұл ретте Клиентке қабылданған шешімге шағымдану құқығы түсіндіріледі.
191. Клиент өтінішінің негізділігі мен заңдылығы жағдайында Банк бұзушылықты жою және Клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.
192. Жазбаша өтініштің жауабына Банктің уәкілетті тұлғасы қол қояды. Қолды факсимильді көшіру құралдарын немесе ІНҚ-да көзделген өзге де тәсілдерді пайдалануға жол беріледі. Осы Қағиданың 176-тармағының 3) тармақшасында көзделген тәсілмен жіберілетін жазбаша өтініштің жауабына Банктің уәкілетті тұлғасының қол қоюы талап етілмейді.
193. Жазбаша жауап Клиентке банктік қызметтер шартында көзделген тәсілмен не өтініште көрсетілген тәсілмен жіберіледі. Жауап Клиентке мына жағдайларда жеткізілген болып саналады:

- 1) банктік қызмет көрсету шартында не Клиенттің өтінішінде көрсетілген тұрғылықты жері бойынша тапсырылғаны туралы хабарламасы бар тапсырысты хатпен жібергенде және оны көрсетілген мекенжай бойынша тұратын қарыз алушының кәмелетке толған отбасы мүшелерінің бірі алғанда;
- 2) банктік қызмет көрсету шартында не Клиенттің өтінішінде көрсетілген электрондық пошта мекенжайына жібергенде;
- 3) мәтіндік SMS-хабарлама немесе push-хабарлама жіберу арқылы не Клиентке жауаптың толық мәтінін қамтитын Банктің интернет-ресурсына сілтеме жасай отырып жібергенде;
- 4) Клиенттің жауапты алуын тіркеуді қамтамасыз ететін банктік қызмет көрсету шартында көзделген өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жібергенде.

Клиент Банкке келген кезде, осы тармақта көзделген тәсілдермен жеткізілген жауапты қоспағанда, жауап қолын қойғыза отырып жеке өзіне (немесе оның уәкілетті өкіліне) беріледі, ол туралы жазбаша өтініштерді тіркеу журналында белгі жасалады.

Жауапты адресатқа, алушыға тапсыру мүмкін еместігі туралы белгісімен немесе оны қабылдаудан бас тартуға байланысты қайтарған жағдайда, жауап тиісті түрде берілген болып есептеледі.

194. Ауызша немесе жазбаша (оның ішінде электрондық) өтініш жіберген адам Қазақстан Республикасының заңнамасына және ІНҚ-да сәйкес жалған мәліметтер бергені және Банк қызметкерлері мен оның қызметі туралы жала жапқаны үшін дербес жауапты болады.

15-тарау. Қорытынды ережелер

195. Осы Қағида оны ДК бекіткен күннен бастап күшіне енеді және Банктің интернет-ресурсында алғаш жарияланған күннен кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн өткен соң қолданысқа енеді.
196. Қағиданы орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік Банктің Бас офисінің құрылымдық бөлімшелерінің және Банктің оқшауланған бөлімшелерінің қызметкерлері мен басшыларына жүктеледі.
197. Банктік және өзге де қызметтерді көрсету процесіне қатысатын Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары мен қызметкерлері Банктегі ішкі бақылау саясатын регламенттейтін Банктің ішкі нормативтік құжаттарының ережелеріне сәйкес ішкі бақылауды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға жауапты болады.
